



Қажымұқан Мұңайтпасұлы (1871 – 1948 жж.)

Қажымұқан Мұңайтпасұлы (1871-1948) – қазақтың әлемге әйгілі балуаны, классикалық күрестің асқан шебері. Шыққан тегі – Орта жүздің Қыпшақ тайпасының алтыбас руынан.

Ауылдың той-томалағы көкпарсыз, күрессіз өткен бе? Сондай жиын-тойларда кішкентай Қажымұқан да күреске қатысып, өз қатарын былай қойып, ересек жігіттердің өзін жығып кете беретіндіктен “бала балуан” атанады. Алайда оның алып күштің иесі ретінде алғаш танылуы О.Масляков деген орыс саудагерінің үйінде жалшылықта жүрген кезінен басталады. Бірде боранды күні даладан шөп алып келе жатқанда шанасы қарға тіреліп, аты тарта алмай тұрып қалады. Шанадан қарғып түскен Қажымұқан атына көмектеспек болып, шананың артынан бар күшімен итеріп қалғанда, шана сырғып кетіп, болдырған ат астында қалып, өледі. Басқа амалы қалмаған ол атының денесін шөптің үстіне тастап, өзі ат орнына жегіліп, шананы қалаға сүйреп әкеледі. Оның осы тірлігі қала тұрғындарының арасына аңыз болып тарайды.

Қажымұқанның балуандық жолы Омбы қаласында өткен балуандар чемпионатында орыстың атағы жер жарған тәжірибелі балуаны Иван Злобинмен кездесуінен басталады. Бұдан кейін ол Петербургтегі бүкіл Ресейге “Ваня ағай” деген атпен танылған Иван Лебедевтің балуандар мектебінде тәрбиеленеді. Осында цирк ойындарын көрсетуге машықтанады.

1908 жылы күрестен әлем чемпионы Георг Лурихтің ұйымдастыруымен Ресейдің ірі қалаларында өткен чемпионаттарға қатысып, “Ямогата Муханура” деген атпен аренаға шығады. Бұдан кейін де ол бірнеше қалаларда болып, бірнеше рет жеңіс тұғырына көтеріледі. Оңтүстік Американың қалаларын аралайды, Варшавада өткен дүниежүзілік чемпионатта кіші алтын медальмен марапатталады. Чемпион ретінде әлемнің бірталай ірі қалаларында болып өнер көрсетеді. Түрік еліне барған сапарында түрік жұрты белдескен балуандардың бәрін жыққан қайратына риза болып, оған “Қажы” деген атақ береді. Бұрын оның азан шақырып қойған аты Мұқан болса, енді ол Қажы Мұқан аталады. Балуанның осы аты бүкіл өміріне қалады.

1913 жылы Троицк қаласында халықаралық ең ірі чемпионат өтеді. Қажымұқан осы чемпионатта он сегіз балуанмен күресіп, соның бәрін де жығады.

Билікке большевиктер келіп, Алашорда өкіметін құлатып, басшыларын қуғындай бастаған тұста Қажымұқан да қуғынға түседі. Жергілікті жердің белсенділерінің қысымына шыдамаған ол оңтүстікке қоныс аударады.

Мұстафа Өзтүрік (1954 – 1995 жж.)

Қазақстанда таэквондо федерациясының негізін қалаушы, спорттың сайыпқыран саңлағы. Бүгінде ісі қазақта Мұстафаны білмейтін пенде жоқ шығар, сірә. Тәуелсіздіктің бастауында азаттықтың алғашқы қарлығашындай болған азамат ата жұртына жиі келіп, жастарға шығыс жекпе-жегі – таэквондо спорты үйретіп, әр қазақтың жүрегіне жол тапқанын көзіміз көрді. Тоқсаныншы жылдардың басында қазақ топырағына алғаш табаны тиген Мұстафа бір топ шәкірттерімен спорт сарайында өнерін көрсетсе, қазір республикада таэквондо жекпе-жегімен жиырма мыңға тарта жас шұғылданады. Бүгінде әр аймақ, облыстарда таэквондо мектептері ашылған. Өрімдей қазақтың қыз-жігіттері Мұстафаны пір тұтады.

Елімізде алғаш таэквондо спортының негізін қалаған, қара белбеуден 7-ші дан иегері Мұстафа Өзтүрікке Алматының іргесіндегі Талғар ауданының Бесағаш ауылында еңселі ескерткіш қойылды. Күздің осы бір соңғы тәуліктері шуағын шашып, ерекше құлпырып тұрды. Алланың шапағаты төгілгендей. Бесағаш ауылы салтанатқа бөленді. Алматыдан, іргелес елді мекендерден ағылған адам көп болды.

Мұстафаның ізбасар шәкірттері ескерткіш алдында спорттық киімдерін киіп, өнерлерін керсетіп жатты. Әрбір шалт қимылдарынан соң “Мұстафа, Мұстафа!” деп ұрандайды. Бұл қазақ таэквондошыларының жазылмас ұранына айналғандай.

Салтанатты жиынды Мұстафаның досы, көзі тірісінде Мұстафаның қайталанбас асыл қасиеттерін көрген белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбай ашып, сол бір шуақты күндерден аз-кем естеліктер айтты.

Мұстафа Өзтүріктің рухына бағышталып, Құран оқылды. Содан кейін Мұстафаның ер тұлғалы ескерткіші ашылды. Көгілдір лентаны Мұстафаның ұлы Нәзірбек пен ескерткішті тұрғызуға демеушілік көрсеткен азамат Қайыр Мейірбеков қиды.

Мұстафа жөнінде естелік айтып, сөз алған сенатор, республика таэквондошылары федерациясы басшыларының бірі Шамсат Исабеков жылда қараша айында таэквондодан Қазақстан жастарының чемпионатын өткізу бұдан былай дәстүрге айналатынын хабарлады. Айтса айтқандай, осындай алғашқы жарыс өткен сенбі, жексенбі күндері Алматыдағы “Достық” спорт кешенінде бастау алды.

Ескерткіш алдында Бесағаш ауылының әкімі Торын Мегазұлы Өзтүрікті жұртшылық ерекше құрметпен еске алатынын хабарлап, осындағы Спорт сарайы бұдан былай Мұстафа есімімен аталатындығын тілге тиек етті.

Қамшының сабындай аз ғана ғұмырында Мұстафа білім іздеп Тайваньға барған, сонда жүріп таэквондо спортының қыр-сырын жетік меңгерген, тіпті оның кезінде киноға да түскен сәттері болған. Соның бәрінде туған елге, қазақ топырағына деген сүйіспеншілігі шексіз еді. Бұған Мұстафаның: “Шетте жүріп, батыр болам десеңіз, еліңді сүй” деп, әрдайым айтып отыратыны дәлел.

Ескерткіштің ашылу салтанатында Мұстафаның анасы Рәзия апай, туыстары Мансүр Тәйжі, Шәріп Найман шетте жүріп, тар жол тайғақ кешуді бастан өткерген Мұстафаның Қазақстанға деген сүйіспеншілігі туралы әңгімеледі.

Мұстафаның достары оның Қазақстанда болған аз ғана жылдарында ел аралап, халық құрметіне бөленген кездері жайында қызықты естеліктер



айтты. Ол әрбір елді мекенге барғанда спорт залдарын көргісі келетінін еске салып отыратын. Өзін ерекше құрметтеген халқын жүйелі сөзімен, киелі ісімен ерекше баурап алатын.

Сүйегі Ыстамбұлда жатса да рухы Қазақстанды шарлап жүрген Мұстафаның есімі әр қазақтың жүрегіне қонақтап қалған. Әр аймақта Мұстафа Өзтүрік атындағы спорт мектебі бар, таэквондоға тәнті жастар көп. Мұстафаға ұқсағысы келетін қазақтың қыз-жігіттері қаулап өсіп келеді.

Жас мүсінші Бауыржан Жуасбаев Мұстафаның бейнесін сомдады.



Жақсылық Үшкемпіров

Жақсылық Үшкемпіров 1951 жылы Жамбыл облысы, Тегістік ауылында дүниеге келген. Мектеп бітіргеннен кейін зоотехник мамандығын қалап, Семейдің мал дәрігерлік институтына оқуға түседі. 1974 жылы институтты тамамдап, республикамыздың астанасы Алматы қаласына келеді. Мұндағы мақсаты елімізге еңбегі сіңген жаттықтырушы В.А.Писаревтің басшылығымен спорттың күрес түрімен тереңірек айналысу болатын. Бала кезінде қазақша күреспен, ал классикалық және еркін күреспен институт қабырғасында оқып жүрген кезінде айналыса бастаған болатын. 1970 жылы жаттықтырушы Рома Хасанович Ильматовтың кеңесі бойынша бұрын өзіне таныс емес күрестің жаңа классикалық түрімен айналыса бастады. Арқадан асырып лақтыру әдісін жақсы меңгерді. Күрес кезінде қарсыласын дәл бағалай біліп, әлсіз жақтарын сезіп, нәтижесінде өз пайдасына шешетін. Ұпайы қанша жоғары болып тұрса да, ойын аяғына шейін жеңудің ыңғайлы жақтарын іздеумен болатын. Бір жылдан кейін 1975 жылы Алматы қаласында өткен алтыншы жазғы халықтар Спартакиадасының Жақсылық үшін маңызы зор болды. Еліміздің ең таңдаулы күрескерлерімен белдесіп бәрін жеңіп шығып, Спартакиада чемпионы болып, өміріндегі алғашқы алтын медалін жеңіп алды. Ж. Үшкемпіров еліміздің чемпионатының жеті дүркін жүлдегері болды.

Түрлі халықаралық турнирлерде өзімен тең түсетін қарсыластарымен шыққан ұзақ та, титықтатқан күрестер, содан кейінгі Одақтық біріншіліктегі чемпион атанған табысынан кейін ғана Ж.Үшкемпіров, өмірінде бірінші рет Олимпиада ойындарына кандидаттыққа жолдама алды.

Ж.Үшкемпіров бар күш-жігерін Москвада өтетін Олимпиадаға қатысуға жұмсады. 48 кг салмақта классикалық күрестен төрт адамның кандидатурасының ішінен аз ғана арасалмақпен алға шыққан Жақсылықтың кандидатурасы өтті. Бұл қиын жарыста тек Ж.Үшкемпіров қана жеңетінін басшылыққа дәлелдеген жаттықтырушы Вадим Александрович Псарев болды. Олимпиаданың бірінші күнгі жеребе салу рәсімінің нәтижесінде Жақсылық бірінші айқасқа ең күшті әлемнің екі дүркін чемпионы румын шебері Александрумен түсетін болды. Бұл сәтте де оны қолдап, көңілін көтерген Валерий Резанцев пен Вадим Александрович Псаревтар болды.

Олимпиада күндері Ж.Үшкемпіров чемпиондыққа үміткер қарсыластары: румын Александр, поляк Керпач, болгар Христов, венгр Шерештерді шебер техникасымен, шапшаңдығы және төзімділігімен жеңіп шықты. Осылайша қазақ қазақ болғалы қолын тұңғыш “Олимпиада чемпионы” деген атаққа Жақсылық Үшкемпіров жеткізді.